





Психологиялық тест. Көзіңізге не түсті, немесе сіз кімсіз?

Наурыз 2023ж

Психогеометриялық тест



Адамның ішкі жан-дүниесі қандай екенін анықтап беретін психогеометрия әдістемесін АҚШ-тың психолог дәрігері Сьюзен Деллингер ойлап тапқан. Рас, бұған дейін де адам баласының түрлі санды жақсы көруі не болмаса түрлі түсті түрді ұнатуына байланысты оның мінез-құлқын анықтап беретін әдістемелер дүниеге келген.

Ал Сьюзен Деллингердің әдісі сәл өзгешелеу. Ол геометриялық бес түрлі бұрыштарды алға тарта отырып, адамның өмірде қандай екенін дәл анықтайды.

**төртбұрышты (квадрат) жақсы көретін
(Балмағанбетова Р.Ж, Алдашова Ж)**

жандар өмірде өте алғыр, дегеніне жетпейтін қайратты болып келеді екен.

Сондай-ақ олар сараптама жасауда, түрлі бастама көтеруде алдына адам салмайды. Логикасы да керемет. Өте ұқыпты. Уақытпен жүріп тұрады. Олардан өте мықты, ақылды, жігерлі басшы не болмаса айтқанды бұлжытпай орындайтын

еңбекқор жан шығады. Бір кемшілігі, «мен не айтсам болды, сол орындалуы тиіс, менікі заңды» деген ойы. Тәртіп олар үшін басты қағида. Ал өз дегені жүзеге аспаса, қолды бір сілтеп, теріс бұрылып кететін қызба әдеті де бар.

Ал үшбұрышты жанына жақын тұтатын адамдар,
(Габдуллина Г,Б)

бірбеткей, тура айтатын жандар. Олардың көбі өз ортасында үстемдік жүргізуге құрмар.

Үш бұрышты ұнататындардың арасынан көптеген белгілі тұлғалар шыққан. Мәселен, Наполеон, Бисмарк, Гитлер, Муссолони, Гете, Байрон т.б. Олар кез-келген дүниені бір деммен шешіп тастауға тырысатын, үнемі күш-жігері тасып жүретіндер. Сондай-ақ оларға тән тағы бір жақсы қасиет – кез-келген ортада кездескен жанмен ортақ тіл тез табысып кететіні. Содан болар, олардың арасында саясаткерлер, бизнесмендер, менеджерлер көп. Өкінішке қарай, кемшілік олардың да бойынан табылады. Мәселен, көзді жұмып тәуекелге жиі барады. Оның бәрі жетістікке жетелей бермейтіні белгілі. Өздері жіберген кемшілікті, қателікті мойындамайтындығы тағы бар. Сонысына қарамай, олар өте танымал тұлғаға тез айнала алады.

Ал тік бұрышты жақсы көретін адамдар, ғұмырында үнемі дағдарысқа түсіп, жүнжіп жүретіндер көрінеді. Олар жасаған тірліктің көбі кері кетіп, адам үнемі күйреу үстінде болады.

Тікбұрыштықтар алға нақты мақсат қойғанан гөрі, өзгенің сілтегенімен қозғалғанды жақсы көреді. Көңіл-күйлері де үнемі әрі-сәрі болмақ. Нақты шешім қабылдауға құлықсыз, жалтақ, өзіне сенімсіз жандар. Алайда олар көп оқитын, көп ізденетіндердің қатарына жатады.

Шеңберді жақсы көретіндер,
(Молдаманова Г,Х Касанова С) құндылықтарды сүйетін, барды бағалайтын, тұлғаларды дәріптейтін, олармен араласқанды ұнататын жандар. Өмірге пәк сенімен қарап, кез-келген жанжалдың бейбіт бітіммен бітуін қалайтын және бітімгершілік рөлін де табылатын адамдар.

Олар үшін өздері өмір сүрген ортаның пікірі құнды. Сонымен санасуға бар. Жақсы дос, сенімді серік болуға лайықтылар. Бірақ, олардың көбі, кесіп ештеңе айта алмайтын, түйткілді мәселелер шешуге келгенде тайсақтап қалатындардың қатарынан. Тағы бір кемшілігі «жоқ» дегенді айта алмай, үнемі бас изеп, берген уәдесін орындай алама жоқ па, соған қарамастан келісім беретіндігі.

Өмірде иректі (зигзаг) ұнататындар аз екені белгілі. Жалпы иректің өзі туралықтан қашатын, өтірікке бейім, нақты көзқарасы қалыптаспаған жандардың ішкі жан-дүниесін береді екен.

Бірақ олардың да арасында аратұра керемет ойлардың, маңызды бастамалардың иелері шығып отырады екен. Мәселен, Эйнштейн, Сахров, Бетховен, Ван Гог т.б. Олардың көбі айтқысы келгендерін сөзбен емес, оймен, образбен білдіруге тырысатындар. Олардың қай-қайсы да өз ойымен өзі оңаша қалып, тәуелсіз болғанды, саяқ жүргенді ұнатады.

АҚШ-тың психолог дәрігері Сьюзен Деллингер ойлап тапқан бұл тәсіл қаншалықты адам жанының ішкі қырын ашып бере алады, ол жағы бізге белгісіз. Бірақ психологтың айтуынша, қазір АҚШ-та адамдардың мінез-құлқын анықтау үшін көптеген құзырлы орындар осы тәсілді қолдануға көшкен екен.

Темпераментті анықтау тесті

Мақсаты: темперамент типін анықтау

Берілген пікірлердің ішінен өзіңізге тән дегенін белгілеңіз.

1. а) Мазасыз, күйгелексіз.
б) Көңілді, ақжарқынсыз.
в) Сабырлы, байсалдысыз.
г) Ұялшақ, қысылып - қымтырыласыз.
2. а) Ұстамсыз, қызбасыз.
б) Белсенді, істе ширақсыз.
в) Ретті, нақтысыз.
г) Жаңа ортада ыңғайсызданасыз.
3. а) Шыдамсыз.
б) Бастаған беті аяқсыз қалдырасыз.
в) Сақ, парасаттысыз.
г) Жаңа адамдармен тіл табысу сізді қиналдырады.
4. а) Қарым - қатынаста бірбеткей, тік мінездісіз.
б) Өзіңізді асыра бағалайсыз.
в) Шыдамсыз.
г) Өз күшіңе сенбейсіз.
5. а) Батыл, белсендісіз.
б) Жаңашыл нәрсені тез қабылдайсыз.
в) Үндемейтін, көп сөйлегенді жек көресіз.
г) Жалғыздықты ұнатасыз.
6. а) Бірбеткейсіз.
б) Ықылас бейімділігіңіз тұрақсыз.
в) Аспай - саспай бір қалыпты сөйлейсіз.
г) Сәтсіз жағдайларда ұнжырғаңыз түсіп, сасасыз.
7. а) Дау - дамайда тапқырсыз.
б) Сәтсіздік, көңілсіздікті тез жеңесіз.
в) Ұстамды, шыдамды.
г) Өз ойыңызбен отырғанды қалайсыз.
8. а) Тәуекелге бейімсіз.
б) Әр түрлі жағдайларға тез бейімделесіз.
в) Бастаған істі аяғына дейін бітіресіз.
г) Тез шаршап қаласыз.
9. а) Іске анда - санда ғана араласасыз.
б) Кез - келген жаңа іске қызығушылықпен кірісесіз.
в) Күшіңізді бекерге жұмсамайсыз.
г) Тым әлсіз сөйлейсіз, кейде тіпті естімей қалады.
10. а) Қайтымы жылдам, секемшілсіз.
б) Тартымсыз болса, көңіліңіз тез қалады.
в) Қойылған күн тәртібін ұстанасыз.

- г) Еріксіз әңгімелесушінің мінез - құлқымен үйренесіз.
11. а) Шапшаң, әсерлі, бірақ жиі тоқтап сөйлейсіз.
- б) Жаңа іске тез кірісесіз, басқа іске де араласып кетесіз.
- в) Шапшаңдығыңызды басып отырасыз.
- г) Істе шапшаңдық танытпайсыз.

Аты-жөні: _____

Қолы: _____

Қаңтар 2023ж

Темпераментті анықтау тесттің кілті

Әр нұсқаға «1» ұпай беріледі.

А) холерик — (ыстыққанды)

Б) сангвиник — (жеңілқанды)

В) флегматик — (суыққанды)

Г) меланхолик — (ауырқанды)

Қай нұсқаның балы көп болса, сол темперамент иесінің көрсеткіші.

Темперамент — жүйке саласының тума қасиеттерін туындайтын адамның жеке - дара өзгешелігі. Мәселен, қимыл - қозғалысы шапшаң, ұстамсыз, ылғи да күйіп пісуге дайын тұратын күйгелек адамдар болады. Мұндайлар істі бұрқыратып істейді, кейде қолын бір сілтеп сылқ түседі. Еті тірі, ойнақы, тынышсыз, шамданғыш, көңіл - күйі аумалы - төкпелі, жұртпен қарым - қатынаста тұрақсыз, пысық, бірақ бейқам келеді. Ғылымда бұлар холерик деп аталады.

Адамдардың енді бір тобы кісімен тез тіл табысады, өзін көңілді ұстайды, бұл ақкөңіл қызу істің адамдары. Қысылып - қымтырылмайды, кісіге қайырымды, еті тірі, бірақ істі бастап, кейін тастап кетеді. Мұндай адамдарды сангвиник темпераментінің өкілі дейді.

Енді біреулер сақ, байыпты, байсалды, ынтымақшыл келеді. Әр ісін ойлап істейді, тұрақты, бірқалыпты жүреді, орынсыз асып - саспайды. Бір істі бастаса, оны аяқсыз қалдырмайды. Мінезі ауыр, көрсеқызар емес, қимыл - қозғалыстары баяу. Бұл флегматик темпераментінің өкілі.

Меланхолик темпераментіне жататындар сәл нәрсеге ренжитін, өкпелегіш, тұйық, көп сөзі жоқ, пессимист, өте баяу қозғалатын жайбасар адам. Ол жасқаншақ, сіркесі су көтермейді, өте ынжық кісі «мен» деп ешқашан ұмтылмайды, өте ұялшақ, тартыншақ, жұрттан аулақ жүргенді жаны сүйеді.

Зерттеу нәтижесі бойынша темперамент типтері төмендегі анықталды.

холерик — Алдашова Женисгул, Турмаганбетов Талгат

сангвиник — Балмаганбетова Разия, Касанова Света

флегматик — Габдуллина Гулжазира, Молданова Гулнар

меланхолик — тип анықталған жоқ.

2022жыл

Тақырыбы: Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек

Күні: Қараша айы 2022ж

Мақсаты: Қызметкерлерді жаңашылдыққа инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибиесіне енгізе отырып логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой-қабілетін арттыру.

Міндеті: Жаңа қоғамдағы адамгершілік патриотизм және педагогикалық ұйытқысы ретінде нәтижеге бағытталған білім беру іскерліктерін дамыту, өз кәсібіне деген ынтасын арттыру. Балалармен жақсы қарым-қатынаста болу, балалардың бейімделу үрдісімен слайд арқылы танысу, бейімделудегі қиындықтарын танып білу.

Түрі: Психологиялық тренинг сабағы.

Әдісі: Топтық жұмыс, сұрақ-жауап, релаксация, ой бөлісу және пікір алмасу.

Көрнекілігі: Компьютер, слайд, бейнежазба, А4, түрлі-түсті қарындаштар.

Тренинг ережесі: белсенділікті арттыру, сурет салу арқылы қандай жұмысшы екенін анықтау, өз ойын ашық айта білуге үйрету.

Тренер сөзі:

Сәлеметсіздер ме, құрметті тәрбиешілер, бүгін сіздерді психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз шығармашылық қабілетіңізді бағалай білуге, бір-біріңізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға, балалардың бейімделу үрдісін танып-білуге арналған «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» атты тренинг сабағына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Шаттық шеңбері, «Ол қандай адам?» релаксациясы.

Релаксацияны бәріміз бірге орындауға шақырамын.

2. Релаксация «ол қандай адам?» деген сұрақ қойды, осыған байланысты сіздермен «Әріптесіңді танысың ба?» ойын тренингі: бір әріптесінің аты жазылған қағазды алып, сол адамның атын айтпай сипаттап пародия келтіреді, ал басқа әріптестері оның кім екенін табуы керек.

Енді атомдар, молекулалар ойыны арқылы бес-бестен топқа бөлініп отырамыз.

Негізгі бөлім:

3. Сіз қандай жұмысшысыз?

Суретте жылқының силуэтi бейнеленген. Сіздің міндетіңіз осы суретті аяқтау, оның сыртқы келбетін бейнелеу арқылы және оның жанына қажет фонды салу. Бұл тесте жылқы өзіңіз. Сіздің жылқының сырт келбетін қалай бейнелегеніңізден, сіздің қандай жұмысшы екеніңізді көруге болады.

Жауабы: -Егер сіз жылқының сырт келбетін басты назарға алсаңыз (тұяғын, жалын және құйрығын салсаңыз) онда сіз еңбектене білесіз, бірақ жұмысты бір арнада істемейсіз.

Енді сіз жылқының бет әлпетіне басты назар аударсаңыз (көзін, тұмсығын, ауызын, кекілін салсаңыз) онда сіздің жұмысқа романтикалық қатынасыңыз басым, сізде иллюзиялар мен үміттер басым.

Егер сіз жылқының әрбір қылын салсаңыз, сіз жұмысыңызға өте

жауапкершілікпен қарайтын, әр-бір іс әрекетіңізді бақылап, қадағалап отыратын мамансыз, бірақ сіздің жаныңызда жұмыс істеу басқалар үшін қиың болып табылады.

7. Бәрі өз қолында бейне жазбасы.

8. Рефлексия

Бүгінгі тренинг сіздерге ұнады ма? Тренингтен қандай әсер алдыңыз?

Стикерге жазу.

— «Жүректен шыққан сөз жүрекке жол табады» деген Ө. Науаи.

Шеңбер бойына тұрып жүректі үлестіріп бір-біріңізге тілек айтыңыздар.

Қорытынды. Адам өмірінде екі нәрсе ұмытылмайды екен, біріншісі-қайырымды ісі, екіншісі жүректен шыққан жылы сөзі.

Тренинг тақырыбы: «Мен және менің ұжымым»

Уақыты: сәуір 2023ж

Тренинг мақсаты:

- өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға;
- жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

Тренинг міндеттері:

- адамдар арасындағы қарым - қатынастың мәнін түсіну;
- өз бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін білу, түзетуге көмектесу;
- сыныптағы өз орнын және өзінің ортасын танып білуіне көмектесу;
- сыныпта белсенді жұмыс жасауға түрткі, ниетті қалыптастыру;

Көрнекіліктер: интерактивті тақта, А3 - А4 қағаз беттері, фломастерлер, қарындаштар, қобдиша, адамгершілік қасиеттері жазылған карточкалар, үлестірмелі смайликтер, доп, жіп.

Тренинг құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Тренингтің мақсат-міндеттерін хабарлау.

III. Негізгі бөлім.

а) Амандасу – «Көңілді сөз» жаттығуы.

б) «Автопортрет» жаттығуы.

в) «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.

Сергіту сәті

д) «Өрмекші торы» жаттығуы.

IV. Қорытынды бөлім.

а) «Теңізге саяхат» релаксация жаттығуы.

б) «Қайта байланыс» жаттығуы.

Тренингтің жүру барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі /амандасу, тренингке қатысуға келгендерге алғыс айту/

II.Тренингтің мақсат-міндеттерін хабарлау

- Тренинг ағылшынның «Тот Райн» - ойын, жаттығу деген сөзінен шыққан. Бүгінгі топтық-психологиялық тренинг тәжірибелік-психологиялық әдіс ретінде, коррекцияның негізгі құралы ретінде де қолданылады. Мақсаты

әр адам бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін, жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

Сондықтан тренингке барлықтарыңыздың белсенді, шын ниетпен қатысуларыңызды сұраймын.

III. Тренингке дайындық, ережесімен таныстыру.

- Тренинг – ойын, ал әрбір ойын ережелерді қажет етеді.

IV. Негізгі бөлім.

а) Амандасу – «Көңілді сөз» жаттығуы.

Нұсқау: - шеңбер жасап отырып, қасында отырған адамға қарап көңіл көтеретін бір сөз айту.

Мысалы: сен бүгін өте әдемісің, көйлегің қандай әдемі...

б) «Автопортрет» жаттығуы.

Нұсқау:

- әр қатысушыға парақ беріледі, өз сипаттамасын тек бір жағына ғана жазу керектігі және 2 минуттан кейін парақтың келесі жағына есімдері көрсетілген беттерді тренер жинап алынатындығын ескертеді.

Жаттығу шарты:

- сізді таныс емес адаммен кездесу күтіп тұр делік, ол бірден сізді тану үшін өзіңізді сипаттап жазыңыз. Көпшіліктен өзіңізді ерекшелендіріп тұратын белгілеріңізді табыңыз.

Бет-әлпетіңізді, жүрісіңізді, сөйлеу мәнеріңізді, киім киісіңізді, зейінді аударарлықтай ым-ишараларыңыз болса т.б...

Рефлексия: Жазылған автопортреттер бір бірден таратылып оқылады, бұл кімнің портреті екенін анықтау керек.

в) «Сықырлы қобдиша» жаттығуы.

Нұсқау:

- қатысушылар шеңбер құрып отырады. Ортада сықырлы қобдиша тұрады. Сыйлықтар қағазға жазылған адамгершілік қасиеттер.

Жаттығу шарты:

- қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды. Сыйлықтар үлестірілгеннен кейін, шеңбер бойынша өзінің сыйлығын айтады.

Рефлексия: сонымен, қоршаған орта да осы қасиетке сізді лайық деп таныса, жеке-жеке қошемет көрсетейік. Сыйлықтарыңыз құтты болсын!

Сергіту сәті

д) «Өрмекші торы» жаттығуы.

Нұсқау:

- қатысушылар шеңбер құра отырады. Ойынға барлығы қатысуы тиіс. Жіп кімнен ілініп басталса, сонымен аяқталып өрмек жиналу керек.

Жаттығу шарты:

Топта бірін-бірі жақын танығандықтан, әр кім 1-ші өзінің достарына айтар тілегін, қошеметін, жағымды қылықтарын білдіріп жіпті саусағына іледі, өрмек тоқылды. 2-ші кері бағытта, бірақ сол ізбен достарының бойына қажет емес қасиеттерін, қылықтарын айту. Өрмекті жию.

Рефлексия: Айтылған тілектер мен сынды қабылдаймыз ба? Сын орынды айтылды ма? Бұл жаттығудың мақсаты да сол, сын түзелмей, мін түзелмейді – дегендей, айтылған ескерте, сындарды түзете білейік. Болдырмайық.

IV. Қорытынды бөлім.

а) «Теңізге саяхат» релаксациялық жаттығу»

Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады.

Жүргізуші:

Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз бірқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда.

Теңіз толқындарының шуын естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы басқан ауыртпалықтан бір сәтке болса да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз.

Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып - жылы әрі жұп - жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз.

Күн сәулесі мен жеңіл самал жел сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының керемет дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүгіргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлгіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз. Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз.

Сізге демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз. Көздеріңізді асықпай ашыңыз!

Қандай сезімде болдыңыз? Не сезіндіңіз?

б) «Қайта байланыс» жаттығуы

а) Оқушылар шеңбер құра отырады да, допты әр қайсысы кезекпен кезек ала отырып тренингтің өткізілуіне байланысты өз ойларын білдіреді:
- Тренингте ең бірінші не ұнады? - Не ұнаған жоқ? - Өзің жанадан не білдің?

б) "Алған әсеріңіз қандай?" - үлестірмелі карточкалар /смайликтер/ арқылы анықтау.

в) тренингке қатысушыларға рахмет айта отырып, тренингті аяқтау.

НЕ ҮШІН БАЛАЛАРҒА ЕРТЕГІ ОҚИМЫЗ?

О қылған ертегіні талқылау

О қылған ертегіні талқылау қажеттілігі туралы ұмытпаңыз. Егер бала бәрін түсінеді деген сенімде болсаңыз да, кейінкердің қай жерде дұрыс әрекеттер жасап, ал теріс қылықтарының үлгісі не болғанын түсіне алғанына көз жеткізу. Ертегі туралы тағы бір рет талқылап, баланың кейінкерлердің іс-әрекеттері туралы бәрін түсінетініне, оны дұрыс анықтай алғанына, олардың қай жерде бұрмаламағанына сенімді болу керек. Пікірталас арқылы сіз баланың кейбір жасырын қорқынышын біле аласыз.




Б алаға арналған ертегілерді дұрыс таңдау

Е ртегі баланың жасына, психологиялық даму ерекшеліктеріне сәйкес таңдалуы керек.

Е кі жасында балалар қайталанатын, айналым ерекшеліктері бар ертегілерді жақсы көреді. Мысалы, «Үйшік», «Бауырсақ», «Шалқан» ертегілері. Ертегілердегі жануарлардың кейінкерлерін бала есінде жақсы сақтайды. Бала ертегі кейінкерлерінің дауыстарын қайталап, оларға еліктегенді жақсы көреді.

Е кі жасстан бес жасқа дейін баланың қиялы жақсы дамиы. Осы кезеңде балаға қиял-ғажайып ертегілерді сатып алу керек, ол оған міндетті түрде ұнайды.

Б ес жасстан жеті жасқа дейін, әдетте, бала динамикалық сюжетті ертегілерге, шытырман оқиғалы әдебиеттерге қызығушылық танытады.



ҚББЖТҒОО

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі

Алматы қаласы



НЕ ҮШІН БАЛАЛАРҒА ЕРТЕГІ ОҚИМЫЗ?

Б із жүзіміз рет ертегі оқимыз ...

Ү йыстар алдында ертегілерді оқумен айналысатын ата-аналар баланың бір ертегіні көптеген кештер қатарынан оқуды талап етуі сияқты қубыласпен кездескен шығар. Сонымен қатар, ешқандай сеңдіру, жарқын иллюстрациялармен басқа кітаптарға қызықтыру, қандай да бір себептер көмектеспейді, бала табандылық танытады және бір ғана кітапты қажет етеді. Мұның себебі неде және онымен күресу керек пе?

П сихологтар мұны екі фактормен байланыстырады

Б іріншіден, баланың миы алдымен ақпаратты есте сақтайды, жаттайды сосын сол ақпаратты түсіне біледі. Әдетте, ертегі оқиғалардың тізбегін қамтиды, ал білге, ересектерге, бәрі кітапта баяндалғандай көрінеді. Бірақ, шын мәнінде балаға бір ғана тыңдау арқылы бүкіл ертегіні қорыту қиын, сондықтан оны бірнеше мәрте тыңдау қажеттілігі туындайды.



О дан басқа, балаларда тұрақтылық пен рәсімділікке қажеттілік зор. Ол ертегіні тыңдап үлгерді, ол аяқталуын есінде сақтайды, осылайша, балада өзіне деген сенімділік, қорғаныс сезімі пайда болады, ол өзін күтпеген оқиғалардан қорғаған сияқты күй кешеді. Әрине, мұнымен күресудің қажеті жоқ, керісінше, баланың барлық іс-әрекеттерімен белгілі бір ертегіге деген сүйіспеншілігін сақтау керек.

ҚББЖТҒОО

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі

Алматы қаласы




НЕ ҮШІН БАЛАЛАРҒА ЕРТЕГІ ОҚИМЫЗ?

Мультфильмдер мен компьютерлік ойындар туралы не деуге болады?

Өйткені, олар да үйретеді, жаңа білім береді. Әрине, оларды өмірден өшіру мүмкін емес, бірақ оларды балаларға тым ерте көрсетуге болмайды. Кітаптар мектепке дейінгі жаста бірінші орынға тұруы керек. Бала оқудың тәжірибесін жазнақтағанда, сіз оған компьютер кейіпкерлерімен ойнауға мүмкіндік бере аласыз.

Ертегілерді үнемі тыңдайтын немесе оқитын бала неғұрлым жетілген, сезімге толы, эмоционалды, жан-жақты дамыған болып өседі. Балашақта жақсылық пен жамандықтың шекарасын нақты ажырата отырып, өзгелермен сенімді қарым - қатынас құруға көмектеседі. Балалық шақ - балашақта өскен егінің жемісін көруі үшін ата-ананың назарын қажет ететін кезең.



Соңында...

Балаларға ертегі сыйлаңыз, оларға ертегілер оқыңыз, бірге ертегі құрастырыңыз, сонда сіз ұмтылымас қарым-қатынас тәжірибесін жазнап, балалардың қызығушылықтары мен проблемаларын біле аласыз. Сонымен қатар, мүмкін сіз өзіңізді көптен бері қылап келген сұрақтың жауабын ақыл - ойға толы, мәңгілік, әлемі ертегіден таба аласыз. Сізге және балаларыңызға жақсы ертегілер тілеймін!



ҚЫБЖТГӨО

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі

Алматы қаласы



НЕ ҮШІН БАЛАЛАРҒА ЕРТЕГІ ОҚИМЫЗ?

Балаларға ертегі оқып, айтып беру керек екенін кез-келген ата-ана білетін шығар. Бірақ, неге қажет екенін біле ме?

Ертегі айту баланың өмірі, оның дамуы, маңызды дағдыларды қалыптастыру, оның әлеуметтік әлемге бейімделуі, кейіннен өзін-өзі тануы үшін қажет. Шындығында, ертегілердің бейнелі және сюжеттік үлгісінде жалпы адамзаттық маңызды білім құпия кілттелген. Сонымен қатар, бұл білім өмірдің барлық салаларын қамтиды:

- Адамдар арасындағы қатынастар аймағы;
- Қиындықтарды жеңу және жап-жалдарды шешу құралдары;
- Сыртқы және ішкі «сұлымдықпен күресудің» сценарийлері;
- Стресспен күресуге арналған ұсыныстар;
- Адамдардың типтеріне және оларға әсер ету тәсілдері;
- Адамның рухани дамуы;
- Ерлер мен әйелдер психологиясы.



Ертегінің бейнелі, символдық тілі саналы көдергілерді айналып өтіп, тікелей бейсанаға бағытталған. Әр ертегіден кейін баланың санасында өмірлік жағдайлар мен құндылықтардың символдық қоймасы жасалады. Баланың санасы ертегілерді қаншалықты сіңірсе, ересек өмірде соғұрлым сәтті болады.

ҚЫБЖТГӨО

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі

Алматы қаласы



Ертегінің бала үшін маңызы қандай?

– Қазіргі технология дамыған заманда балаға ертегі оқып берудің маңызы қандай? Оның қандай пайдасы бар?

– Ертегі оқып берудің пайдасы орасан зор. Ең негізгі үшеуін айтып өтейін. Біріншісі – ертегі бала тілінің ерте шығуына көмектеседі. Қазір балалардың тілі кеш шығатын болған. Неге? Өйткені, біз балаға ертегі оқып берудің орнына "Маша мен аюды" немесе басқа ертегілердің мультфильм нұсқасын қосып бере саламыз. Ал шынында балаға 4-6 айлық кезінен бастап ертегі тыңдату керек. Сол кезде бала анасының артикуляциясын көріп отырады, интонациясын естиді. Бұл оның тілінің ерте шығуына өте жақсы әсер етеді.

Екіншіден, бала өскен сайын әр жасқа тән қорқыныштар пайда болады. Мысалы, үш жаста балалар жабық кеңістіктен, қараңғы жерден, жалғыз қалудан қорқады. Бес-жеті жас аралығындағы балалар өлімнің не екенін түсініп, содан қорқа бастайды. Ал біз ертегі оқып беру арқылы осы қорқыныштарды табиғи жолмен жеңуге көмектесеміз. Мысалы, балаға "Қызыл телпекті" оқып берейік. Ертегіде Қызыл телпек жалғыз өзі қараңғы орманда қорқып келе жатады. Оны тыңдап отырған бала бұл эмоцияның бәрін сезінеді. Бірақ, ертегінің ең соңында не болады? Қызыл телпек бәрін жеңеді. Демек, бала да сол жеңіс эмоциясын сезінеді. Яғни, қорқыныштарды жеңуге болатынын ұғады.

Үшіншіден, ертегі баланың эмоционал интеллектін дамыту үшін қажет. Мысалы, анасы баласына "Бауырсақ" ертегісін оқығанда интонациясы мен мимикасын да соған бейімдейді. Қоянның дауысын жіңішке етеді, қасқырдыкі жуан шығады. Сол арқылы ертегіні тыңдап отырған бала неше түрлі эмоцияларды жеткізуді үйренеді.

Баланын ойын, сезімін, қиялына қанат беріп талғамдарын дамыту үшін мынандай ертегіледі пайдалануға болады.

Мысалы: «Үйшік», «Маша мен аю», «Жеті лақ», «Бауырсақ», - ертегілермен таныстыра отырып, қолмен бейнелерін көрсетіп логикалық сезімдерін дамытуға болады. «Соқыр теке», «Мақта қызбен мысық», ол балалардың көзбен мөлшерлеп бағалау, жолдастық сезімін дамытуға көмектеседі.

Ал, мысалы күнделікті ойнайтын ойындарға келсек «Балалар бақшасы», «Дүкен», «Отбасы» ойындары тіпті қызық оқиғаларға толы. Ол кезде балалар тіпті ересек адамдарданда белсенді болып кетеді де , сол рөлді жай ғана ойнап қоймай, бар жанымен бірге сол бейнеге енеді, оның шын екеніне сенеді. Тәрбиші рөлдегі бала: Қане, балалар сабаққа отырамыз, сабақ бітті, ойыншақтарды жинаймыз- деп, өз ережесін айтады . Ереже ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді. Сонымен бірге ойын ережесі- әр түрлі манызы бар ойындарда өз ара қарым-қатынастарын анықтайды. Осы тұрғыда, ұлы педагог

А.С Макаренко: Сөзімен айтқанда « Жаксы ойын-жақсы тәрбиенің басы»- деген. Келешек қайраткерді тәрбиелеу- алдымен ойынан басталады.

М.Жұмабаев айтқандай- біздің берер біліміміз , тәрбиеміз- мәнді, жұмқыр болуы керек.

Балаға таңдалған білім ойын - оның ақылына лайықтап талабын шыбыттандыратындай, сезімін, іскерлігін дамытарлықтай бастаған істін нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек.

Қорыта келгенде, ертегі- бала сезімін дамыту ғана емес – ол сонымен қатар анатомиялық-физиологиялық дамуына да ықпалын тигізетіні анық.